

А 2004  
629к

# ҚАЗАК ДАЛАСЫНЫҢ ОЙШЫЛДАРЫ

IX - XII ғғ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ

# ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ОЙШЫЛДАРЫ ІХ-ХІІ ғғ.

ҚОРҚЫТ  
ӘЛ-ФАРАБИ  
Ж. БАЛАСАҒҰН  
М. ҚАШҚАРИ  
Қ. А. ИАССАУИ



АЛМАТЫ «ҒЫЛЫМ» 1995

**Жауапты редакторы**

**ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі Ө. Н. НЫСАНБАЕВ.**

**Қазақ даласының ойшылдары (IX—XII ғғ.) Алматы:**  
**Ғылым, 1995. — 160 б.**

Кітапта қазақ жерінде IX—XII ғасырларда өмір сүрген ойшылдардың философиялық-дүниетанымдық көзқарастары зерттеліп, ұлы данағойлар Қорқыттың, Әл-Фарабидің, Ж. Баласағұнның, М. Қайыпұлының, Қ. А. Иссаұлының кейбірі ұрпаққа қалдырған рухани мұралары жан-жақты байқалған.

Басылым ғалымдарға, қоғамтану саласындағы қызметкерлерге, аспиранттарға, студенттерге, сондай-ақ жалпы оқырман қауымына арналған.

**К 0301020000—91 17—95**

**407(05)—95**

**ISBN—5—628—7**

**«Ғылым», 1995**

## КІРІСПЕ

IX—XII ғасырларда Қазақстанда экономика, ғылым, қоғамдық-философиялық ой мен мәдениет тез қарқынмен дами бастады. Егін салатын алқаптар кеңіді, қалалар өсті, отырықшы және көшпелі тұрғындардың шаруашылық жағынан бірлесуі жүзеге асты. Отырар және Фараб, Тараз және Испиджаб, Сығанақ және Баласағұн, Күлан және Аспара сияқты жүзден астам қала Сырдария, Талас, Шу және Іле тәрізді өзендердің бойында бой көтерді.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Ұлы Жібек жолының игілікті ықпалына түеті, бұл аймақтар мәдени және саяси өмірдің қайнаған орталығына айналды. Бұл Қараханид бірлігі экономикалық, әлеуметтік және мәдени бағытта өркендеуге жағдай жасаған өркениетті түрде гүлденген аймақ еді. Мұнда сәулет өнерінің ескерткіштері дүниеге келіп, қалалар кеңістігі кеңейді, түрік тіліндегі әдебиет дамыды, ол дари тіліндегі парсы әдебиетімен үндестік тапты.

Араб миссионерлерінің келуіне байланысты жергілікті тұрғындар жаңа мұсылман дініне бой ұрды. Бұл дін адамдардың ақылы мен жүрегіне аса зор әсерін тигізіп, түрік аймағын араб тілді Шығыспен елдестірді. Сауда мен діни бірлікке негізделген көшпелі және отырықшы өркениеттің гүлденуі көркем өнердің, әдебиеттің және мәдениеттің ерекше қауырт өсуіне мықты көмектесті. Мұның өзі экономиканың, мәдени және саяси өмірдің жоғары белсенділігімен, ғылым мен қоғамдық ойдың дамуымен, әртүрлі мәдениеттердің бір-біріне тигізген өзара игі әсерімен байланысты болды.

Сол замандағы күрделі әлеуметтік, экономикалық және саяси қатынастардың өзгеруіне байланысты ғылым да, мәдениет те, қоғамдық-философиялық ой да тез қарқынмен дамып, бүкіл Шығыс пен Батысқа, Еуропа мен Азияға өзінің зор ықпалын тигізді.

Қазақ даласы өздерінің дәстүрлік үрдістері мен Шығыс ойының қуатты идеялық ықпалын шебер ымыраластырып үйлестіре білген. Әбу Насыр Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Мақмұд Қашқари және Қожа Ахмет Иассауи сынды ғұлама ойшылдар дамытқан мәдениет пен философияның бірден-бір өркендеу орталығына айналды. Осы жерде әрі астроном, әрі математик Аббас Жауһари Әл-Хорезмимен бірге атақты астрономиялық кестелерін жасады. Данышпан ойшыл Ысқақ Әл-Фараби түріктердің шынайы өмірі, олардың дәстүрі мен тұрмысы жайлы тамаша кітап жазды, ал қимақтардың өкілі Жанақ ибн Хакан Әл-Қимаки маңызды жағрафиялық карта жасады. Осы өлкенің бұлардан басқа да көптеген даналары өз шығармашылығының ізін мәдениеттің әр саласында қалдырды. Бұл өз заманындағы жоғары деңгейдегі мәдениет пен білімділіктің белгісі еді. Сондықтан қазақ даласында философияның адамның өмір салты ретінде тууы мен өркендеуі заңды құбылыс еді. Сондықтан да әрбір қазақты әдетте өзінше бір философ деп атайды.

Қазақстанның ІХ—ХІІ ғасырлардағы қоғамдық ойы тарихи маманданған ғылыми және философиялық ойдың айрықша кезеңін құрайды. Нақ осы кезеңде Қазақстан халқы өздерінен бұрын өткен кезеңдердегі рухани мәдениет пен мұраның бай даму тәжірибесін байыптай бастады, философиялық ілімнің алғашқы тұжырымдамалары мен жүйелері, танымның қағидалары мен әдістері пайда болды. Осы ой мен оған негізделген ақылға бай аймақта рухани тәжірибе ізденістері жинақталып, алғаш рет түрік тілінде философиялық және ғылыми шығармалар жазылды, ал бұл шығармалар Қазақстандағы қоғам дамуының сан ғасырлық алғы шарттарын айқындады. Алғашқыда мәдениет танушылық пен философиялық идеялар мен ілімдер адамдардың күнделікті практикалық өміріне талдау жасаудан пайда болды, осыдан барып белгілі бір терең дүниетанымдық түсініктер қалыптасты.

Халық дүниетанымын мейлінше айқын түсіну алғаш рет Қорқыт атада болған еді. Тарихқа «алғашқы бақсы» ретінде белгілі болған оның шығармасында өз ерекшелігі бар қоғамдық және философиялық әуендер көрініс тапты. Ғұлама Қорқыттың өмір мен өлім жөніндегі ой-толғауыстарында адам тіршілігінің философиясы, адамның адамгершілік және эстетикалық бейнесі, оның мұраты, өмірдің мәні мен мағынасы, мақсаты кең орын алды. Бұл орайда әртүрлі хұқықтық, саяси, әлеуметтік және

философиялық проблемаларды қарастыратын белгілі бір философемдердің тууы заңды. Алғашқы ойшылдардың көзқарастарының анайы болғандығына қарамастан, оларда белгілі бір дәрежеде философиялық, тарихи түсінік, диалектика мен танымның әлі жетілмеген түсініктері, космологиялық болжамдар мен қағидалар болды.

Әлемге атышулы «Қорқыт Ата кітабы» бізді шығарма иесі көзқарастарының сан-салалы, ұлан-ғайыр ауқымынан хабардар етеді. Кітапта көзқарастардың тотемдік ұғымдары мен мифологиялық аңыздар өз ерекшеліктері тұтас дүние ретінде көрініс тапқан, әсіресе көкке (Тәңірге) табынушылық, сұр қасқыр (бөрте шене, көк бөрі), Аққу жайлы әпсана, өмір мен бақыт бастауы (Ұмай, Құт) жайлы аңыздар әр түрлі нышандарды жүйелеген. Салттық мистерия (сарындар мен ғұрыптық әрекеттерді философиялық байыптау) адамдардың қоғамдық қатынастары мен олардың ішкі дүниесін терең түсінуге мүмкіндік береді. Мұнда (салттық мистерияда) адамдар руға бөлінбейді, тайпаның әлеуметтік бағыт-бағдарын толықтай басшылыққа алады. Мұның өзі ұжымдық түйсік негізінде пайда болған ұлттық ерекшеліктің терең тарихи тамырларын сезінуге мүмкіндік жасайды.

Қорқыт ата мұрасы тарихи тәжірибенің өзіндік ерекшелігіне негізделген, ол түрік қоғамының рухани өмірі мен оның өзіндік болмысын, өзіне тән қалыптарын айқын көрсетумен құнды. Сырдария аймағынан шыққан бұл дана кісі арнайы философиялық мұра қалдырған жоқ, әйтсе де, ауызекі шығармаларында оның ішкі қисыны көрініс тауып тұр. «Қорқыт Ата кітабы» қоғамның алыста жатқан түп-тамырларын жақындатып, өткенді бүгінгімен тарихи жағынан сабақтастырып, әр түрлі әлеуметтік уақыт пен кеңістік ішіндегі мәдениеттердің өзара үндестігін әр замандағы тарихи және мәнділік жұптастықта алып қарауға құнды негіз жасайды. Қорқыттың музыка арқылы өлімнің, тажалдың бетін қайтару идеясы ешбір халықта, еш уақытта болған емес.

Қазақстанның тұңғыш маман философы деп біз бірінші Әл-Фараби атамзды ауызға аламыз. Оның қайраткерлігі мен шығармашылығының айрықша құндылығы сонда, Әл-Фараби Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» немесе «Шығыс Аристотелі» деп саналады. Ол әрі данышпан ғалым, әрі ғұлама философ. Әл-Фараби өз заманындағы ғылым мен философияның барлық саласында құнды 160-тан астам трактаттар қалдырған энциклопе-

диялық деңгейдегі ұлы ойшыл ғалым. Философия тарихында Әл-Фарабидің парасат пен ақыл жайлы еңбегі бәрін тұтас қамтитын рухани дүниенің онтологиялық желісі, ақыл-ой мен болмыс диалектикасы маңызды кезеңдер болды. Ол құрған ғылым жүйесі мен ғылымдарды классификациялау принциптері ортағасырлық жаратылыстану саласына аса зор ықпал етті. Өйткені, Әл-Фарабидің ғылыми жүйесінде астрономияның, геодезияның, сәулет өнерінің математикалық негізі жасалып, музыка мен поэзияның теориялық мәні айқындалған. Ұлы ойшылдың метафизика саласында объективтік негізі бар және іштей бүкіл әлемге тән дүниенің ақылға сиымдылығын мойындауы ерекше рөл атқарды.

Әл-Фараби ерекше әлеуметтік философияны дамытты. Ол адамзат қоғамының пайда болуын, сол қоғам өмір сүріп отырған мемлекет жүйесінің мәселелерін терең талдап берді. Осы күнге дейін Әл-Фарабидің «ізгілік қаласы» (добродетельный город) атты тұжырымдамасы саяси құрылым мен тиісті әлеуметтік дамудың мәселелерін зерттеп, зерделеуге игі ықпал етуде. Ол «музыка туралы үлкен кітабын» жазды. Мұнда Әл-Фараби эстетикаға, түйсіну психологиясына, оның дыбысталуына, Шығыс музыкасының ерекшелігіне байланысты көзқарасты жүйелі баяндады.

Таным теориясы саласында да Әл-Фараби теңдесі жоқ мұра қалдырды. Ойлау мен тіл арасындағы өзара байланыс, таным логикасы, сөздер мен сөйлем семантикасы, ұғым мазмұны мен сөзбен бейнелеудің арақатынасы, олардың қолданылуы, тіл білімінің архитектурикасы жайлы құнды трактаттар жазды. Бұларға ол жай сөз және сөз тіркестері, жазу және орфоэпия (оқу) ережелері, өлең қалыптары т. б. нәндерді қосты.

Әл-Фарабидің барлық әмбебаптық ұғымдары, жеке адамның әрдайым тәнмен байланысты және таным жолымен ғана оның шегінен шыға алатын жанының адамшылығы айрықша назар аударуды қажет етеді. «Іскер парасат» (деятельный разум) әлемнің барлық заңдылықтарын тануға тиіс. Осыдан барып объективтік парасатты ұғына алатын адамның іштей тәуелсіз мұраты келіп шығады. Әлем тәртібінің рухани және жаратылыстық себептерінің күрделі үйлесімі адамды таным жолына жетелейді, заттар мен құбылыстардың қозғаушы күштері мен себептерін айқындауға мүмкіндік береді.

Парасатты билік пен ізгі өмірдің ғылыми негіздері

әлемге әйгілі Жүсіп Баласағұнның атақты «Құтты білік» поэмасында терең баяндалған. Ғұлама ойшыл өзінің осы негізгі еңбегінде жоғары мұратты қоғамның қажетті қағидаларын сипаттап, адамның мінез-құлықтарының нормалары мен ережелерін, әр түрлі қоғамдық дәрежедегі жіктердің бұл қоғамды басқарудағы міндеттері мен қызметтерін белгілеп берді. Қатаң мемлекеттік билік, парасатты билік жүйесі — «бақытты мемлекет» негізі; түркі тектес халықтардың ұрпақтары игілікті өмір сүргісі келсе, осы жайды ешқашан ұмытпаулары керек. Адамдардың ізгі өмірі үшін ең бастысы — барлық әлеуметтік жүйе бөліктерінің дәрежелік орны мен өзара қызметтік бірлігінің біліктілікке жетуі деп санады Баласағұн. Білікті, сауатты халық салауатты.

Ұлы философ Баласағұн адамды, қоғамды және әлемді бір-біріне баламалады, сөйтіп адамды этикалық байыптау, яғни оның ішкі дүниесі мен таным бейімділіктерінің игі ізденістерін, бақытқа ұмтылыстарын жырлады. «Құтты білік» — пайым мен зерденің, ақыл мен әділеттің, бақыт пен қанағаттың мәселелерін қарастыратын этикалық-дидактикалық шығарма. Осы төрт игілікті қасиет ғұламаның үйлесімділігін белгілейді, сондықтан да әлем мен адам құрылымында басты рөлді өзара тепе-теңдік, сәйкестілік атқарды. Осы ойды одан әрі дамыта отырып, Баласағұн таным, үйлесім және сұлулық қағидаларының шешуші рөлі жайлы қорытынды жасады. Бұл әлеуметтік-этикалық еңбекке қоғамның түбірінен жаңғыру сәтінде, мемлекеттің жаңа саяси күйге көшу кезеңінде ұдайы назар аударып отыруды қажет деп тапты.

Мақмұт Қашқари «Джуани-лұғат-ат түрк» атты еңбегінде алғаш рет түрік мәдениетінің болмысы категориясын сипаттап берді. Бұл түрік тілінің сөздігінде түріктер өмірінің XI ғасырдағы бай сипаты, салт-дәстүрі, өлеңдер мен аңыздардың, материалдық мәдениет заттарының мән-мағынасы ашылып көрсетілді. Кітапта сол заманның тұрмысы ерекше мұқият сипатталған. Рулық-тайпалық қатынастардан бастап болмыс шындығына дейін баяндалған. Философиялық ұғымдар, тек пен ерекшелік терминдері, этнонимдер мен жер-су аттары (топонимдер) ерекше мәнге ие болған. Еңбекте дәстүрлі халық санасының сипаты, тарихи және мифологиялық құндылықтар, діни және этникалық терминология тіркелген. Сондай-ақ өз заманының, қоғамының әлеуметтік, саяси және рухани өмірінің сипаттамасы жан-жақты зерттелген, оның

өзіндік және сапалық ерекшелігі айқындалған. Болмыстың объективтік және субъективтік қырлары, адамдардың іс-әрекеті мен олардың санасы, қоғамның тұтастығы мен оның даму барысы күрделі қатынаста көрсетілген.

«Диуани-лұғат-ат түрк» энциклопедиясында нормалар мен салттар, адамдар құлқының қалыптары мен қасиеттері сипатталған, қоғамның өзара байланысты жалпылық мәнге ие болған рухани күйі сараланған. Кітаптан түрік қоғамының X—XI ғасырлардағы игіліктерінен сусындауға болады, оның рухани жүйесін, ырымдарын, қатынастiлі мен әдісін, сол замандағы нышандардың жаңғыру қалыптарын түйсінiп, қабылдауға болады. Ол қоғамдағы рухани игіліктің ерекшелігін бағалауға, оның сапалық бірегейлігін, ондағы мәдениеттің, экономиканың және саясаттың мәнділігін зерделі салмақтауға мүмкіндік береді. Рухани игіліктің бұл жүйесін ой елегінен өткізу — өзіндік қоғамдық болмысты бағалауға, оның ішкі бастау-көздерін, ерекшеліктерін және қозғаушы күштерін ұғынуға мүмкіндік береді. Махмұт Қашқаридың осы кітабы тарихи жадтың сақтаушылық және жаңғыртушылық рөлін атқарады. Ол тарихи тәжірибені қайта жаңғыртып, халқымыздың өзіндік санасын қалыптастырады. Қоғам осыған қарап көш түзейді және ол сонымен бірге мұраның жинақталған топтамасы болып табылады. Қоғам мен мәдениет тарихы бұл еңбекте бейнелі түрде сипатталған.

Әлем жұртшылығы ұлы Шығыс ойшылы — Қ. А. Иассауидің туғанына 900 жыл толуын түркі әлемінде кеңінен атап өтті. Ол «Диуани хикметті» — «Ақыл кітабын» жазған адам. Сопының өмірі мен қызметі ұрпақ жадында тақуалық пен тәубенің, бай рухани өмір мен имандылық хақында. Осы еңбегінде ол болмыстың тұтастығын көрсетіп берді. Философтың рухани мұрасы бүгінде белсенді түрде қайта түлеп, ойшының өмірінің терең қатпарларын қайта ашып отырмыз. Иассауидің түйсіну мен тікелей зерделеу күштері адамның өзін-өзі тануы, өзін-өзі байыптауы, махаббаттың орны, адамдағы эмоция мен қиял туралы құнды пікірлері айрықша назар аударарлық. Бұл тілдің нышандары мен белгілері жөніндегі мәселелерге де қоғамдағы рухани тектілікке, мәнділікке, әулиеліктің мөрі мен пайғамбардың мөрі жөніндегі мәселелерге де байланысты. Кітаптың Аллаға деген сүйіспеншілікті баяндайтын, жоғары мәнділіктерге көкейдегі ойдың ашылуымен жету, Алланы тануда әйелдің алатын

орнын әуездеуге арналған беттері де таң қалдырады. Сонымен қатар Қітап иесі рационалдық танымның қасиетін, сезімсіздік түйсіктің жетіспеушілігін де көрсетеді. Қ. А. Иассауи — ғұлама ойшыл және гуманист.

Сонымен бұл ұжымдық еңбекте ІХ—ХІІ ғасырлардағы қазақ даласындағы жоғарыда аты аталған ғұлама ойшылдардың терең философиялық және қоғамдық ойлары тұңғыш рет жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан зерттелген. Осы тарихи дәуірдегі ғұламаларды бір-бірімен бірлікте алып, оларды өзара салыстыра зерттеген жөн. Оларға адамның болмысы мен санасын, ішкі рухани дүниесі мен руханилығын, өмірі мен өлімін, этикалық-философиялық идеялары мен принциптерін жан-жақты зерттеу тән. Бұл жалпы Шығыс философиясына тән қасиет. Әдеуметтік-мәдени негізде зерттелген жоғарыдағы ғұламалар Орталық Азия халықтары бүкіл адамзат қазынасына ғылымды, философияны және мәдениетті одан әрі дамыта отырып, теңдесі жоқ үлес қосты. Қазіргі өтпелі кезеңде егемендік пен тәуелсіздікке, демократия мен бостандыққа жаңа ғана қолы жеткен қазақ ұлтының өзіндік санасын дамытуда ежелгі бай рухани және мәдени мұраның алар орны айтарлықтай. Сондықтан бұл еңбек жоғары оқу орындарында қазақ философиясын оқыту процесінде үлкен рөл атқармақ.

*Ә. НЫСАНБАЕВ,  
М. ОРЫНБЕКОВ*



## I тарау

ҚАРАТАЕВ М.

### ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН АҢЫЗ («ҚОРҚЫТ АТА» КІТАБЫ БОЙЫНША)

Қазақ халқының өткені жөнінде жазбаша қалған деректер кемде-кем. Соңдықтан да қазір біз көбіне көп оқиғалардан нағыз маңызды деген тұстарды сақтап, қазақ фольклорына қайта-қайта бара беруге мәжбүр боламыз. Мұны өз кезінде Шоқан Уәлиханов да жіті аңғарып, халықтың тарихын, әдебиетін психологиясын зерттеген, жонғар шамандық жайында және қырғыз-қайсақ туралы еңбектерінде ертедегі көне жырларды жете білуді үнемі есте сақтап отырған. Олардың ішінде тайпалар тарихы жөніндегі шежіре-аңыздар да, балгер-бақсылар жайындағы аңыз-әңгімелер де жиі кездеседі. Шежіре-аңыздар халықтың түпкілікті шығу тарихынан мол деректер беретін болса, бақсы-балгерлер жайындағы аңыздар елден шыққан өнер адамдарының өзгеше қабілетін, талантын, ерекше дарынын сөз етеді.

Халықтың тұрмысы, әдет-ғұрпы айқын бейнеленген халық шешендігін тексерудің этнография (философияға да М. Қ.) үшін қажеттігін ғалымдар баяғыда-ақ түсінген. Орталық Азия көшпелілерінің ерекше мол қазынасын құрайды. Ақсақалдар ол аңыздарды тайпа естелігі, халық шежіресі ретінде қастерлесе, жыраулар ұрпағы эпикалық жыр күйінде тайпадан тайпаға, ғасырдан ғасырға ұластырып келеді. «Ежелгі жырлардағы бүгінде қолданылмайтын сөздер мен тіркестер олардың көнелігін дәлелдейді», — деген Шоқан.

Қазақ халқы қазірге дейінгі өмір жолында талай-та-

лай тарихи қилы-қилы заманды басынан кешірді. Олардың ішінде жақсы жылдар да болды, «ер басына күн туып, етігімен су кешкен» тұстар да бар. Өзінің сарқылмағ ауаты, кереметтей оптимизміне сүйенген еліміз жоғары поэтикалық батырлар жырларында солардың бәрін нақышына келтіре бүгінгі ұрпаққа жеткізіп бере білді.

Академик В. М. Жирмунский кезінде батырлар жырының кез-келгені жөнінде тиянақты пікір айту үшін оның туған топырағын еске ала отырып, қай жырау қалай жырлағанын мұқият білуді талап еткен. Сондай-ақ әртүрлі халықта сол тақырыптас дастандардың айтылу ерекшелігін зерттеуді жөн көрген. Бұл пікір әсіресе түркі тілдес ауыз әдебиетінің туындыларына тікелей қатысты. Себебі сәл-пәл ерекшеліктерін елемегенде, тілі ортақ, этникалық, мәдени дүниелері көбіне-көп ұқсас болып келетін Орталық Азия елдері үшін бұл пікірдің маңызы ерекше.

Тарих халық поэтикасының синтезі есепті болғандықтан ерлік эпостың дербес заңдылықтары туу және даму логикасы бар. Тарих, ерлік пен эпос өзара тығыз және берік байланысты. Себебі, ел басынан кешкен небір маңызды деген оқиғалардың бәрі де міндетті түрде ерлік эпосының көрінісі іспетті.

Міне сондықтан да халықты, оның тарихын, тек өзіне ғана тән ерекшеліктерін бәрінен бұрын фольклордан, оның ең жетілген формасы — батырлар жырынан табамыз.

Басынан көшпенділік өмір кешкен жұрт ғасырлар бойы экономикалық бет бұрыстарды көп көре қойған жоқ. Қазақ халқы матриархаттан рулық-патриархалды құрылысқа көшті. Онан кейінгі әскери демократиялық дәуір алғашқы феодализмге ауысты. Дегенмен, осы тұстарда қазақтың өнері, оның ішінде батырлық эпосы дамудың едәуір жоғары сатысына көтерілді. Маркстің «белгілі бір кезеңдерінде өнер мен материалдың ара қатынасында жік болуы мүмкін» деген қағидасының дәлдігін осы қазақ эпосының мысалынан көре алсақ керек.

Греция өнерін немесе Шекспирдің шығармашылығын сөз қылғанда көркем өнердің прогресі, оның гүлденуі жөнінде пікір жасау қарапайым нәрсе емес екендігін Маркс көрсетіп берді. Ежелгі гректердің өнері табиғат пен қоғамның қарым-қатынасында деген ұғым грек өнерінің түп-тамырында жатыр. Оны бу машиналарымен және электр дәуірімен салыстыруға болмайды. Өзіндік ерекше

қоғамдық жағдай топырағында жаралған гректердің қайталанбас туындылары, Маркстің ойынша, антикалық өнерге кереметтей күшпен нәр берген.

Сондай-ақ, қазақтың көшпенді тұрмысы да қоғамдық қарым қатынас пен поэтикалық өнерге қарама-қайшы келген емес, керісінше, халықтың өміріндегі тарихи кезеңдерді өзінің жоғары көркем эпосымен бейнелеп беріп отырды. Соның арқасында қоғамға, моральға, дінге, саясатқа, философияға, эстетикаға деген көзқарастары қалыптаса алады. Ол туындыларда адам мен айналадағы орта, әлеуметтік жағдайлардың өзара ажырамас бірлікте екені нақтылы аталуы арқылы білдіріп отырады. Сол ерте кездерде қоғамдық қарым-қатынастың қарапайымдылығы сонша, таңдаулы, іріктеліп алынған адамдар емес, қалаған кезінде, көшпенді кез-келген еркін мүшесі ретінде мәселеге араласа алатын. Қоғамның тұтас алғанда мұң-мұқтажы оның жеке өкілдерінің ойларымен қабысып жатқандықтан, олардың ойлары бір жерден шығып жатқандықтан, өнердің маңдай алды туындыларын жасауға тиіс болатын. Солай болды да. Қазақтың халықтық ерлік эпосы соның дәлелі бола алатын.

Қазақтардың көшпенділік тірлігі, мал шаруашылығының ерекшелігі қоғамдық қарым-қатынасқа және менталитетіне ықпалын тигізбей қоймады.

Шынында да, жыл он екі ай шетсіз-шексіз дала кезу, табиғаттың алапат сұрапылымен белдесу, жауласқан рулардан өз елін аман сақтап қалу үшін үнемі қақтығыста болып отырғандықтан қандас, тұқымдастар ірі-ірі қауымға бірігуге мәжбүр еді. Тарихи жағдай соны талап еткен. Профессор С. Е. Толыбековтың пайымдауынша, жаугершілік-көшпенділік тұрмыс кешкен жеке-дара бір ауылдың қарақан басы өмір сүре алмас еді. Ондайларды не жорықшылар, не жауласқан әлдірек басқа рулар олжалап кетуі айдан анық.

Өмірдің осындай қоғамдық-әлеуметтік қалпының өзіне тән идеологиясы, әдет-ғұрып, хұқық, мораль, дін, ішкі және сыртқы саясатын болдырды. Өз кезегінде бұл осы қоғамдық және этикалық мұраттар ерекше форма — сұлулық ұғымын қамтитын эстетикалық мұратты қалыптастырды.

Ежелден бері әрбір қазақ руының өзінің аумақты мекені болған. Мал-жанымен сол төңіректен ары асып көше бермеген. Сол жерлер олардың ата қонысына айналып ата-бабаларын осы арада жерлеген.

Туған жер — көшіп-қонуға еті өліп кеткен халықтың ұғымында сұлулықтың, әсемдіктің, байсалдылықтың, жомарттықтың символы есебінде жүреді. Атамекенге деген махаббат әкеден балаға мирас болып келген қасиет. Сондықтан да ол қазақ ауыз әдебиетінің қыруар туындыларына тамаша мұрындық болып келеді. Талай тамаша жырлардың асыл өзегіне айналды.

Кез келген эпикалық поэмалардан байқайтынымыз олардың жағымды кейіпкерлерінің ең басты қастерлейтін нәрсесі — бәрінен бұрын Отан екендігі. Дастандардағы батырлар өз жерлерінен қарға адым сыртқа шығып кетті-ақ, оның санасынан атамекені шықпайды.

Қазақ жыршылары туған жерді өз қиялымен қолдан жасап ала береді. Солардың бірі — жері ну, суы мол, малына да, жанына да ізлегені табылатын мекен — Жиделі Байсын. Соны мүмкіндігінше өз талантының қуатымен айтушылар асқақтата түсуге тырысады.

Әдетте эпикалық уақытты нақтылы деп есептеуге болмайды. Олар көбіне-көп «баяғы өткен замандармен» басталады. Ол тұста ру басқа жұртқа өз намысын бермейтін мықты, көптігінен малын баға алмайтын, бай болған, шөбі шүйгін, суы мөлдір жерге ие болған. Жастары көне көз ақсақалдарды ден қоя тындаған. Әрине, барлығы да қарны тойып тамақ ішіп, иығы жылтырап киім киген. Бұл өткенді пір тұтып, өткенді мадақтап, өткенді аңсағандықтан емес. Жоқ, мұның астарында — өз руының адамы болса, оны бай демей, жарлы-жақыбай демей, бір дәрежеде көруге уағыздаушылық деп ұғу керек. Эпос, әлеуметтік жоғары дәрежедегі адамдарды, шені өзінен төмендермен қосыла отырып, қоғамдық мәселелерді шешуге итермелегені деп білеміз. Бұл поэзияны Н. Г. Чернышевскийдің мынандай пікірі де қолдаса керек: «Ұлттық мәселелердің қарапайымдылығы мен әркімге ет жақындығы соншалық қауымның әрбір мүшесі оның бүге-шігесіне дейін түсініп, оған белсене араласады».

Әрине, бізге аты беймәлім эпосты шығарушылар мен жырлаушылар туған халқының келешегін ғылыми дәлдікпен болжамдап берді деп кесіп-пішіп айта алмаймыз. Бірақ, олар адам қиялында «алтын ғасырды» — «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды» жасап беріп кетті.

Батырлар жырының қалыптасуында ең маңызды дерек — миф, әсіресе, алғашқы ата-бабалар, мәдени қаһар-

мандар туралы мифология аңыздары. Қорқыт — ғұлама ойшыл-философ, сазгер, қобыз жасаушы.

Ру-тайпа қауымы күйреу дәуірінде қалыптасқан алғашқы эпикада қаһармандық әлі де мифология ретінде байқалады, бастапқы мифтердің тілі мен пайымдарын пайдаланады. Мысалы, «Қорқыт ата» кітабында Бисат Төбекөз дәудің жалғыз көзіне отқа қыздырған темір сұғып соқыр етеді. Төбекөз грек мифіндегі Полифемге ұқсас болып келеді.

Қорқыт жырларының дені ІХ—ХІ ғасырлардағы қыпшақ ұлысы кезіндегі оқиғаларды суреттейді. «Қорқыт» жырларында бүліншіліктің айғағы басым. Бұл оқиға VIII ғасырдың басында Сырға арабтардың келуімен байланысты. «Қорқыттың» діни сарындарын шаманизм мен ислам аралығына қойған жөн. X ғасырдың орта шенінде оғыздар мұсылман (батыс), шаман болып бөлініп, өзара жауласқан болса, жырда бұл бөліністің таңбасы басым. «Оғыз» деген атау тек шығыстық тайпалар ортасында қалған. Онда пешене (бұлғар), Салор, Баяндур, қыпшақ-түрікмен тайпаларының тартысы басым. Еділдегі пешене мен Жанкенттегі Салор тайпасы отыз жылдан астам уақыт жауласады. Ол кезде оғыздар шаман сенімінде еді. 1043 жылы қырдағы қыпшақтармен Қазан-Салор тайпасы жауласып, оғыз ұлысы құлайды. Исламшыл тайпалар батысқа кетеді. Шаман дінінде қалған қыпшақтар Еділдегі Хазар мемлекетін жаулайды. Ислам дініне көшкен Салор, Баяндур, оғыз елін дінсіз деп, сол атаудан X ғасырдың өзінде бас тартқан, сондықтан бұл жырдың тілін батыс емес, шығыс оғыздарына тән тіл деп есептейді.

Сонымен өзінің тегі мен табиғаты, ономастикасы мен мифологиясы, тілі мен көркемдік мәні жағынан «Қорқыт» жырлары бүкіл түркі тайпалар эпосының басында тұрады. Онда ІХ—ХІ ғасырлардағы Сыр бойында болған оғыз-қыпшақ ұлысының шежіресі мен тарихы басым, ол тайпалық емес, ұлыстық эпос. Ұлыстың туу процесін көрсететін жырлар Алпамыс (Бамыш), Бұқаш, Домрул, Төрелі, Төбекөз дәу сюжеті болса, Қазан, Ораз, Екрек-Секрек жырлары салор мен пешене арасындағы алалықтар, Қазанның армян еліне тұтқын болуы (Кавказ оқиғасы), соңғы 12 жыр оғыз ұлысының құлау тарихын көрсетеді.

Қорқыт есімімен байланысты аңыздар түркі тектес халықтар арасында әр алуан түрде әңгімеленеді. Акаде-

мик-Ә. Марғұлап былай деп жазған: «Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Орта Азиядағы түркі тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыздар, ән-күйлер қазақ пен түркімендерде көбірек жолығады».

Қорқыт ата туралы сан қилы аңыз-әңгімелер қазақ арасында ерте кезден-ақ кеңінен тараған. Солардың бәрі тууына байланысты. Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Оны жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт туылар алдында күллі әлемде үш күн, үш түн бойы көзге тұрткісіз қараңғылық басыпты. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қатты қорқыныш сезім билейді. Сыр бойы мен Қаратау өңірінің аспаны да қараңғы тартып, қарауытып кетіпті. Сондықтан бұл маңай «Қараспан» аталыпты. Ашық күн тастай қараңғы күнге айналған қорқынышты күні туылғаны үшін баланың аты «Қорқыт» деп аталған екен. Қорқыт туысымен жел тынып, бұлт ыдырап, күн шығып, тіршілік мамыра-жай күйге түседі. Қорқыт анасынан туылған бойда-ақ тілі шығып, сөйлеп кетіпті. Қорқыттың өмірге қалай келгені туралы ерте заман қобызшылары мен бақсы-балгерлері, жыраулары айтатын өлең-жырлар бар:

Қорқыт туар кезінде  
Қараспанды су алған,  
Қара жерді күл алған,  
Ол туарда ел қорқып.  
Туған соң әбден қуанған.

Сонымен, Қорқыт туралы, сол дәуірде Қаратау қойнаулары мен Сыр бойындағы тұрған қалалар, елді мекендер, күмбездер, кешендер туралы аңыздар қазақ халқының арасында осы күнге дейін айтылып жүр. Өйткені, бұл аңыздар тарихта болған шын оқиғалармен тығыз байланысты. Мәселен, Қорқыт есіміне байланысты, ел арасында көп айтылатын сиқырлы қалалардың бірі — Баршын-Кент. Бұл қала шынында да Сыр бойындағы сол дәуірдегі ең көрнекті қала болғанын тарихшы-археологтар дәлелдеп отыр. Баршын-Кент сұлудың қаласы деген сөз. Қазақтар оны соңғы кезге дейін «Қыз қала» деп атап келді. Аңызда Алпамыс (Бамыш) батырдың сүйген жары Баршын сұлу осында тұрған делінеді.

Қазақ арасына тараған аңыздардан Қорқытты бірде

айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Терең ойлар, ауыр мекнат азабы мен өлмеуді арман еткен Қорқыт мәңгілік өмір іздеп ел кезеді. Қазақ арасындағы аңыздарда Қорқыт Ата — көпті көрген батагөй, сәуегөй, атақты музыкант әрі ойшыл қария. Ол айтқан болжам дәл келіп отырған. Адам өмірі, мінез-құлық, тағдыр жайында тұңғыш, кемелді толғаулар қалдырған.

Қорқыт адам тіршілігінің тым қысқалығына, өлім мен опатқа наразы болып, содан құтылудың жолын іздеп, шарқ ұрады, желмаяға мініп шартарапты кезеді. Бірақ, қайда барса да алдынан аңырайған көр шығады. Жер қазғандардың бәрі оған: «Қазып жатқанымыз Қорқыттың көрі» деп жауап қатады.

Дүниенің төрт бұрышын кезген сапарында Қорқыт кісі өлімі ғана емес, жүгірген аң, ұшқан құстың жемтігін, тамыры қурап суалған бәйтеректі көреді. «Осының бәрі де кезінде тіршілік етті, тыныс алды, енді қысқа өмірі тәмәмдалды», деп соның бәрін көрге санайды. Осының бәріне қатты қапа болып, налыған Қорқыт жападан жалғыз күңіренеді. Сөйтіп жүріп өзгеше бір өнер табады. Су үстіне кілем жайып, өзі жасаған жер бетіндегі тұңғыш күй аспабы — қобызбен күңірене сырлы күй шертіп, іштегі шерін таркатады. Құдіретті күй сазы лезде дүниені түгел баулайды. Өлімге қарсы тартылған мәңгі тіршілікті мадақтаған Қорқыт күйін естіген бүкіл адамзат, ұшқан құс, жүгірген аң тұра қалып, Сыр үстіндегі ғажайып күйге құлақ тосады, ұйып тыңдайды.

Қорқыт ата күн демей, түн демей, «Өмір жырын» толассыз тартады. Ажал талай рет төніп келеді, бірақ, бебеу қаққан қобыз күйі оған Қорқытты алдыртпайды. Ұйқысыз өткен талай күн, талай түндерден қалжыраған Қорқыт ата бір сәт қалғып кеткенде, ажал «Қайрақ жылан» дейтін улы жыланның бейнесінде келіп Қорқытты шағып өлтіреді.

Екінші бір аңызда Қорқыт әзірейілмен кездеседі. Әзірейіл Қорқыттың жанын салып алатын сандық істеп ала келеді. Қорқыт Әзірейілмен сөйлесе тұрып, сандыққа оның өзін алдап салып алады да, кілттеп суға ағызып жібереді. Қорқыт жайындағы аңыздарда оптимистік ұғым, толғам басым.

Дүние жүзі әдебиетінде, әсіресе, ескі мифтік аңыздарда, ежелгі жырларда, көне эпостарда Қорқыт тәрізді

өлімге қарсы күрескен соқталы бейнеселер болған. Соның бірі — грек мифіндегі Прометей.

Міне, қазақ арасындағы Қорқыт жайлы аңыздардың негізі осындай. Бірақ, біз үшін Қорқыттың артында қалдырған жырлары мәндірек. Бұл тұста ол жәй күйші, бақсы болып қала алмайды. X ғасырда бір оғыздардың 12 түрлі эпостық жырларын тудырған Қорқыт көбіне дандар ақын, үлкен төкпе жыршы, жырау (ұзан) болып көрінеді. Ол халық жетекшісі, көне заман, ру-тайпа өсиеттерін сақтаушы. Қиындық келтіретін жағдайда ол — хан, бек, халықтың дана ақылшысы, кейде жорыққа бара жатқан батырға кеңес, оның қылышына бата беретін адам. Бұл жырлардың мазмұнында көшпелі тайпалардың ертедегі әдет-ғұрпы, мифі, нанымдары басым. Эпостың көпшілігі тайпалық өмір мен феодализм аралығында туады. Ондағы бастапқы сенім — шаманизм болған. Шоқан «Қорқыт қазақтың тұңғыш бақсысы, шаманист, бақсы — монғол сөзі, ол сюжет ерте заманда пайда болған. Мәселен, «Гильгамеш туралы жырда»<sup>1</sup> философиялық тұрғыда өлім мен өмірдің күресі, адамның ажалдан құтылу жолдарын әңгімелеген.

Белгілі фольклорист С. Қасқабасов зерттеуінде былай дейді: «Қазақ аңыздарындағы Қорқыт, мифтегі шаман мен неофит сияқты, дүниенің төрт бұрышын шарлап, ақыр аяғында өз мекеніне — Сырдария жағасына оралады. Бірақ, мұндағы саясат басқа себептерге байланысты жасалады. Өлімнен құтылу үшін. Бұл себеп кейінгі дәуір адамдарының өмір мен өлім туралы түсініктері негізінде қалыптасқан. Яғни, егер алғашқы қауым адамдары өлімді адамның басқа әлемдегі өмірі, осы өмірдің жалғасы деп санаса, кейінгі заман адамдары өлім адам өмірінің жалғасы емес екенін сезе бастап, осы түсінігін фольклорға енгізген. Одаи бертінгі кезеңде адам өлмеудің амалын іздеп, жер жүзін шарлауы, тәңірге, құдайға қарсылық ету сипатында қабылданады»<sup>2</sup>.

Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Өлімнен қашудың өзі — исламда жол берілмейтін нәрсе. Бірақ, ол — шамандықты ұстанатын халықтардың эпсана-хикаяттарындағы тұрақты мотивтердің бірі. Қазақ бақсыларының арасында қобыз тарту мен сарын айтуды үйреткен бірін-

<sup>1</sup> Дьяконов И. М. Эпос о Гильгамеше (о все издавшем). М., 1961.

<sup>2</sup> Қазақ тарихының тарихылығы. Алматы, 1993. 87-б.

ші шаман Хорхуд жайында әнсана-хикаят бар. Тіпті, мұсылмандықты әжептәуір қабылдаған түрікпендерде Қорғұғлы аз уақытқа болса да өлімнен қашып кетеді. Сондықтан шамандық түсінік бойынша, Көктәңірдің өлім жіберетін билігі жазмыш деп қабылданған. Солай бола тұрса да, ертедегі адамдардың датум — нан, мұсылмандардың үрейлі тағдырдан құтылғысы келгені тәрізді, мұнда да жұрт жазмышқа бағыну емес, қайта одан құтылуды көксеген»<sup>3</sup>.

Ажал ашық келмей жылап кейпінде келеді. Бұдан халықтың өлімге деген көзқарасын, «өлім айтып келмейді» деген философиялық тұжырымының негізін көреміз. Аңыздың жалпы мазмұны қайғылы болғанмен оның идеясы, рухы жарқын, әрі оптимистік. Қорқыт өлгенмен жеңілген жоқ. Өйткені, ол ашық күресте жеңілген жоқ, оның күйі әлемге тарап, өлмес қасиетке ие болды. Халық сөзі «дүниеде өлмейтін нәрсе, адам еңбегі, оның өнері» деген ойды тұжырымдайды. Ел мүддесі үшін жасалған жасампаздық іс қана адам өмірін ұзарта алады, деген ой айтады халық туындысы. Ал, өмірдің өзі де адамға лайықты, Қорқыт ойлап шығарған күйдей мазмұнды да әсем болуға тиіс. «Бұл әнсанада қазақ халқы өмірге тек өнер ғана сән береді, тек өнер ғана біздерге ерте үйіретін сары уайымнан құтқарады деген ой айтады», — деп Г. Н. Потанин өте орынды жазған (Потанин Г. Н. В юрте последнего киргизского царевича)<sup>4</sup>.

Қорқыт өзінің алғашқы түрінде — құл иеленуші мемлекетте бас құдайға қарсы шығатын титандардан қалған көне образ, олардың алдындағы тип. Ол архаикалық мифтерде тұңғыш адамдарды дүниеге келтіретін, алғашқы еңбек құралдарын, музыка аспаптарын жасайтын, адамдарға от жағуды, күн көруді үйрететін ілкі атажаратушы, жасампаз қаһарманға ұқсайды, соларға сәйкес келеді. Архаикалық мифтердегі жасампаз қаһарманның «мәдени қызметі» жоғарыда айтқанмен шектелмейді. Оның қолынан бәрі келеді. Күннің қозғалуын да баяулатады, желді де тоқтата алады, отты да өшіре алады. Кейде өз мақсатына жету үшін ол қулыққа да барады, ақыл-айламен өз қарсыласын жеңіп шығады. Осындай «мәдени қызмет» қазақ Қорқытының да кейбір іс-әреке-

<sup>3</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. Алматы, 1961. Т. 1. С. 87.

<sup>4</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в. 5-ти т. Алматы, 1968. Т. 4. С. 300.

тінен көрінеді. Ол — ойшыл ақын, емші болған. Қобыз өнері, бақсылар сарышы содан қалғай дейді. Шаманизм — политеизм, онда зороастризм, тотемизмнен бастап, тірі табиғат, өлі әруаққа табынудың бәрі де бар. Оғыздар қобыз құдіретіне табынған. Осы белгілер «Қорқыт» жырларында да бар.

«Қорқыт ата кітабы» кіріспе (нақыл сөздер) және он екі жырдан тұрады.

«Қорқыттың нақыл сөздері» атты бөлімге тоқталық. Қорқыттың толғаулары мейлінше дәл, осылай өлең-жыр, даналық сөз болып, сл жадында сақталған. Поэзия мен философия — бұл бөлінбейтін біртұтастық, бірақ тұтастығы сирек болғанмен олар адамгершіліктің биік шыңы мен ұялылығын өзара бөліседі. Бірақ, олардың әр түрлі бағыты орта кезеңде түйіседі, мұнда ұлылықтың ұлылық тұңғығында поэзия мен философияның рухы біртұтас, бірлікте және бір-біріне кірігіп кеткен. Осы пікірді кезінде неміс философы Ф. Шлегель айтқан екен<sup>5</sup>.

Ал екінші философ Г. Г. Гадамер осы жүйеде былай деген екен: «Поэзиялық және философиялық сөйлеу мәнерінде ортақ белгі бар, олар «жалған» болуы мүмкін емес. Өйткені, оларды өзінен тыс өлшеуге болатын сай өлшем жоқ. Сондықтан олар қандайда бір жүйесіздіктен алыс»<sup>6</sup>.

Сонымен, философиялық сияқты поэзиялық сөйлеу де ішкі құндылықты, өз жетістігін және жұмырлықты, көпшілікке ұғымсыз және құпиялылықты меңгереді:

Олардың үлгі тұтар материалы — ақиқатқа алдымен, «ашықтығымен», «шынайылығымен» емес, керісінше, «құпиялылығымен», «жұмбақтығымен» үйлесімді, ақиқатты табу — бұл жәй белгілі нәрсені табу емес, керісінше, бізден құпия, жұмбақты іздеу.

Ақиқаттың қасиетін тану адамзаттың ежелгі өз тәжірибесінен алынған алғашқы тарихи жетістігі. Және олардың бұл құпия дүниеге бас июі мен табынуын поэзия айтқысы келгені орынды. Не қасиетті немесе салтанатты болса, соның барлығын өлеңмен айтқысы келеді. Сөзін осылай жеткізетін адам сыйлы болады. Оның бойынан ақындықтың, даналылықтың және болжағыштықтың қасиеті табылады.

<sup>5</sup> Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. М. 1983. Т. 1.

<sup>6</sup> Гадамер Г. Г. Актуальность прекрасного. М., 1991.

Бізге осы көне тұрмыстың құпиялылығына таң қалатын нәрселер ішінен қасиетті поэзия, даналық пен ақылсыздық арасындағы терең қиял және өткір құпия сөздер мен қатар туатын айырмашылықты айқындау мүмкін емес.

Бұл ежелгі қасиетті ақындар барлық уақытта өздеріне құпия болған, бізге де құпия, белгісіз. Сонымен осы сана жетілудің даму кезеңіне «толық ажырамауға дейін баратын алғашқы тұрмыс бірігуі» тән<sup>7</sup>.

Қорқыттың толғаулары мейлінше дәл, осылай өлеңжыр, даналық сөз болып ел жадында сақталған. Осы қасиетімен Қорқыт қазақтағы жыраулардың атасы болған Сыпыра жырауға көбірек ұқсайды.

Қорқыттың ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын ғақлия сөздер, өсиет-нақылдар, қанатты сөз тіркестері жиі ұшырайды. Қорқыт ата есімімен байланысты осындай үлгі-өнеге сөздер ел аузында көп сақталған. Енді Қорқыт атаның өсиет-нақыл сөздерінен мысал келтірейік: «Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей дүние жияды, байнды. Бірақ, ол соның ішінен өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Сулар тарам-тарам болып қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен тәкәшар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді. Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен — жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта боз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйіне дәм беруге де жарамайды. Ананың көңлі балада. Жақсы ана үшін бала — екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол отбасының мерейі, бас-көзі.

Қорқыт ата өзінің ел-жұртына тағы мынандай өсиет айтқан: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының

---

<sup>7</sup> Лосев А. Ф. Античная мифология в ее историческом развитии. М., 1995.

оты да қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тұмағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз».

Қорқыт бұдан басқа не айтқан екен соған келелік: «Хан ием, сайдың шөбін жеген білер, тұздің шөбін бөкен білер. Күн мен түннің келгенін бозторғай білер. Жүктің ауыр-жеңілін есек білер. Беліне қай жерден арқан түскенін тең білер. Қолына қобыз ұстаған ұзап, елден елге, бектен бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер. Қобызын сарнатқан жырауға думан керек. Уа, хан ием, мынау жарық дүниеде тәңірім (сіз бен бізді) адастырып, жарты жолда қалдырмасын».

Қорқыттың қоғамдық ойларын, шешендігін білдіретін мақалдарда ата мен бала, ер мен ел, жақсы мен жаман, салт-сана сөз болады. Бұлар қазақ мақалдарына ұқсас, одан көшпелі салт, табиғат иісі есіп тұрады.

Бұдан басқа, кіріспе сөзде Қорқыт әйел төрт түрлі болады, оның басы — құт әйел, соны — қанағаты жоқ, жұт әйел, одан қалса ығыр қылатын кесір әйел, тірлігін ұқсатпайтын салақ әйел деген. Жақсы әйел — ерінің бар-жоғын білдірмей, елге аға болады дейді. Әйел ерге қорған, от басының тірегі болса, оны көшпелі өмір салты деуге болады. Өйткені, Қорқыт шығармаларында феодализмге тән қос әйел алу жоқ. Ежелгі оғыз-қыпшақтар әйелді зор құрмет тұтқан. Қорқыт ата осы оқиғаларды жырлаған кезде Сыр бойына мұсылман діні енді ғана етек жайып келе жатыр еді. Әйелдері әрі матриархат кезіндегі хұқықтарынан толық айырылмаған секілді.

Бұған осы бірінші жырдағы Дерсе ханның тойда қара отауда отырып, қара қойдың етін жеп, баласыз қайғырып қайтқанда әйеліне айтқан зарлы мұңы дәлел. Ол әйеліне сырын айтып ақтарылады, мұңын шағады:

Келші бері басымдағы бақытым, үйімдегі тірегім,  
Сен үйден шыға бергенінде көзіме кипаристей көрінесің.  
Тобығыңа түсетін қара шашың бар сенің,  
Қосылып тұрған кастарың — тартқан садақ секілді,  
Қос бадам салса сыймайтын оймақ ауыз өзінсің,  
Күзгі алмадай қызарып, жүзің сенің жайнап тұр,

Піснелген менің түйнек қауынымсың,  
Маған не болғанын сен білесің бе?

Ал, Бөрлі-хатун жаудан (пешенеден) екі ұл туып келсе де, Қазан оған кешірімді. Жырда Дерсе ханның өзі секілді әйелінің де соңынан ерткен қырық нөкер қыздары бар. Сондай-ақ баласының жарақатын анасы өзінің ақ сүтімен емдейді.

Жырдағы әйел бейнелері бірінен-бірі асып түседі. «Ер серігі — сұлу әйел, жүйрік ат» деген көшпелі елдер мақалы есіңе түседі. Автордың әйел образын кіріспе сөзге қосуы тегін емес. Бұл сөздерден Қорқыттың қоғамдық пікірлері, ойшылдығы, шешендігі жақсырақ көрінеді. Қорқыт отбасын адамгершілік пен ерліктің бастауы деп білген. Өзі шаман дінінің көсемі болса да, Қорқыт ерлікті — отаншылдықтың басты нышаны деген. Отбасы бүтін болса, ел бүтін демек. «Қорқыт ата кітабында» бірінші жырда Букаш әкесін жаудан құтқарады. Жырдың негізгі сарыны — бала ата аруағына берік болуға тиіс дейтін салт. Жыр баланы батырлыққа баулиды. Оғыздарда жаугершілік үлкен салт болған. Сол салт барлық жырда бар. Қазан Салор жырының ел қорғау, ар-намыс үшін күресу, ізгі шетті болу жөніндегі ой-пікірлері мәңгі есте ескірмейтін асыл қағидалар болып, ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра ретінде жалғаса береді. Бұл екінші жырда күллі оғыз-қыпшақ елінің топтасқан бірлігі, достығы, беріктігі зор шабытпен жырланады. Тек осы жырда ғана оғыз-қыпшақ елінің барлық бектері, алыптары түгелдей тиек болады. Екінші жыр оғыз-қыпшақ жұртының күшқуаты, өзге тайпалар алдында даңқ-дәрежесі, беделі орап тұрған кезенді көркем сөзбен бейнелеген.

Бізге «Қазан-Салор» жырындағы әдет-ғұрып, ескі нанымдар, соған тән оқиға желісі қажеттірек. Жырда тотемизм — арыстан тайпасы, Қарашықтың жолбарысы, Төлекұстың нәсілі дейтін сөздер, түс көру, қара бұлт, адамға шапқан бура, жаңбыр, қасқыр, ата мен бала, қойшы мен бек арасындағы қарым-қатынас жақсы суреттелген.

«Қорқыт ата кітабының» үшінші жырында қазақ қауымына тән салт-сана, әдет-ғұрып басым болып келеді. Мәселен, осы жырдың мына шумақтары қазақтың жоқтау өлеңдерін еске салады.

Суық-суық сулардан сұрар болсаң,  
Ағам Байрақ солардан ішкен еді,  
Ағам Байрақ кеткелі одан ішкенім жоқ,